Тексерілді:

**Мектеп директорының оқу- ісі жөніндегі орынбасары:** **М.Жанназаров**

*Тәуелсіздік және отаншылдық айы*

**Дәйек сөз: «Ел - жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»**

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | №69 орта мектеп КММ | | | | |
| **Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып** | Мектепалды сынып | | | | |
| **Балалардың жасы** | 5-6 жас | | | | |
| **Педагогтің аты- жөні** | Ш.К.Есемуратова | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін,айды, жылды көрсету)** | 1 апта 30.09-1,2,3,4.10.2024ж | | | | |
| **Күн тәртібінің үлгісі Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу<br>**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту.<br>**Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе заңды өкілдермен кеңес әңгіме өткізу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны – пазл:**<br>**«Жыл мезгілдері »**<br>Балалармен күз мезгілі туралы әңгімелесу. | **Құрылыс ойындары:**<br>«Үйшік жасаймыз» | **Фотосуреттер қарастыру:** «ұлттық ойын түрлері»<br>Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | **Үстел үсті театры:**<br>«Ғажайып күз» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Мен суретшімін**<br>**«Күздің қызықты сәттері»** еркін сурет салу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Аптаның бірінші күніне мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерін Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы<br>Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру<br>№4 жаттығу кешені | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***«Біз бақытты баламыз»***<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | ***«Мен әдепті баламын»***<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал,кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | ***«Нәр алып»***<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік калайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | ***«Қуан,шаттан!»***<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | ***«Қайырлы таң!»***<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Менің атам<br>Міндеті :<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе | **Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:Дауысты дыбыстар. Міндеті:<br>Дауысты дыбыстар туралы түсінік беру<br>Қолды жазуға дайындау.<br>Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.<br>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>дауысты дыбыстар: *ә, ө, і, е, и,* | **Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:Дауысты дыбыстар<br>Міндеті:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br><br>***Тиісті текшені көтер дидактикалық жаттығуы***<br>балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті | **Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:Дауыссыз дыбыстар<br>Міндеті:Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Мақтақыз бен мысық**<br>Міндеті :<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>-суреті бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>-Мысық не істеді?-<br>Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>-Жұбыңмен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>Педагог балаларға оқылатын өлең жолдарынан отбасы мүшелерін естеріне сақтап, аты аталғанда саусақтарын бүгіп, неше отбасы мүшесі аталғанын санау туралы тапсырма береді. Е. Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Бас бармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы, Ортан терек – әкем, отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені атаның беделі әкеден де жоғары. Атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі. – Қазақ отбасында ата мен әженің орны ерекше. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөзді ата айтады. Әкелеріңнің өзі аталарыңның айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселесін шешіп, ақыл-кеңес беріп отырады. | ). Айнаны алып дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Педагог балаларға дауысты жіңішке дыбыстарды қайталату арқылы жаттатады.<br>***Кім көп сөз айтады? дидактикалық жаттығуы***<br>– Балалар, сендер жіңішке дауысты *е, і, ө, ү, ә, ү* дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады. Мысалы: *етік, ірімшік, ілгіш, із, іт,өшіргіш, өгіз, өтірікші, өлшеуіш, элеватор, үстел, үзеңгі, үтік, үміт, үлгі,үлгерім, үсік, ит, ине, имек, итқұс, илеу, ермек, елік, ереже, ерін, емізік, ешкі, есік т.б.*<br>***Е дыбысы қайда тығылды? ойын-жаттығуы***<br>Педагог *алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор* сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын шапалақтап, сөзді айтулары керек.<br>**Сызбамен жұмыс.**<br>Педагог *«ер»* сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. *«Ер»* сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді. Ол жуан жіңішке екендігін анықтайды.<br>***Жіңішке дауысты*** | фишканы көтереді.Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінетінін естеріне түсіреді.<br>1) Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у.* Айнаны қолымызға алып, жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.<br>2) Жіңішке дауысты дыбыстар: *ә, ө, і, е, и, ү.* Айнаны алып, жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Қазақ тілінде сөздер не жуан дауыстылардан, не жіңішке дауысты дыбыстардан құралады.<br>Мысалы, тек жуан дауысты дыбыстардан құралған сөздер: *аққу, арыстан, тасбақа, қараторғай т.б.*<br>Тек жіңішке дауысты дыбыстардан құралған сөздер: *өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш т.б.* суреттерін тақтаға іліп көрсету, жуан, жіңішке дыбыстарды естеріне сақтату.<br>Кейбір сөздерде жуан және жіңішке дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы, кітап, мұғалім т.б.<br>***Кім көп сөз айтады дидактикалық жаттығуы***<br>– Балалар, сендер жіңішке дауысты және жуан дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында жуан дауысты дыбыстар бар затты сары қарындашпен, жіңішке дауысты дыбыстар бар затты қызыл қарындашпен қос. | үйрету.<br>***Мұқият бол дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті тіктөртбұрышты көтереді.<br>***Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос дидактикалық ойыны***<br>– Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар.<br>Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік ( ат), ұзын (ожау),бұзық (әтеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам) т.б.*<br>***Қайтала (доппен) дидактикалық ойыны***<br>– Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ггарыш(г), дддоп(д), жжжжалбыз(ж), зззәкір(з), кккітап(к), лллақ(л(, мммақта(м), ннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), рррадио(р), hhhah(h), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч),* | кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br><br>**Мнемокесте** бойынша ертегі желісін айтып беру<br> |

Менің атам

Отбасы мүшелерін ата және сөздерді буынға бөл. Өз отбасың туралы әңгімеле.



Суреттегі отбасы мүшелерін ата. Өз отбасың туралы әңгімеле. • Сөздерді шапалақпен буынға бөліп көрсет.

әулет – бір атадан тарайтын ағайынды адамдар Педагог тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз атасына ұқсайтын жерлерін айтып, немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып, әңгіме құрауын сұрайды.

**Киіз үй**

Атам менің айбынды,
Атам менің сүйікті.
Бір қойнауға шалғынды,
Киіз үйін тігіпті.
Алдымдағы арнаулы
Шопан үйі дөңгелек.
Ақша бұлттан аумайды
Қонақтаған жерге кеп.
(Қастек Баянбай)

Тақпақты мәнерлеп айтып

***Дыбысты сөзден баста ойын-жаттығуы***

Қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.

1. Сүйікті тағамың қандай? (*Мысалы: ет, ірімшік т.б.)*
2. Достарыңның аты кім? (*Әмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт).*
3. Сүйікті ойыншығың не? *(Әткеншек, үкі т.б.)*

Балалар ойланып жауап береді, көмек керек балаларға педагог көмектеседі.

**Дәптермен жұмыс**

1. Суреттегі заттардың атындағы жіңішке дауысты дыбыстарды ата.

**2.** Жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді




2. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттарды ата. Оларды сары қарындашпен қорша.
Енді жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата. Оларды қызыл қарындашпен қорша.

***Бірінші дыбысты қайтала дидактикалық ойыны (доппен).***

Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. *(Ойынға барлық бала қатысады.)*

Мысалы: *ааалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), мммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық(ж), дддиректор(д), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), қққолшатыр(қ), бббақа(б), иииіт(и), жжжарық(ж) т.б.*

**Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)**

4. Үзік сызықтарды үзбей бастыр.




*цццыркуль(ц), шшшахмат(ш), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у) т.б.*

– Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма?
– Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен.
– Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.)
– Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, тіс, т.б.) бір-бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны – ауыз және көмей қуыстары.
Кәне, барлықтарың айнаны алып қараңдар да, менің артымнан қайталаңдар: *«Қ», «Т», «М»*. Осы дыбыстарды әндетіп айтып көрейік. Айтылады ма екен әндетіп? Неге? Өйткені бұлар дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстар созып, әндетіп айтылуға келмейді, олар қысқа да нақты айтылады. Дауыссыз дыбыстар тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысуы арқылы жасалады. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз.

***Тиісті түсті көрсет дидактикалық ойыны***

Педагог а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.

***Түсіп қалған дыбысты тап дидактикалық ойыны***

*Педагог заттың суреттерін көрсетеді.*

– Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беру. Жаттау | | | түсіріп айтамын, сендер<br>түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.*<br>Мысалы: *ұша...(қ),*<br>*қызына...(қ), бана...(н), тор..(т),*<br>*апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с),*<br>*шәйне...(к), қо...(й),*<br>*текш...(е), до...(п), күші...(к),*<br>*сыпырғы...(ш), қамш...(ы),*<br>*телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ),*<br>*балапа...(н), тырн...(а), тара...(қ),*<br>*бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т),*<br>*қия...(р).* | |

**Үзіліс**
**Қауіпсіздік ережесін сақтау**

**Ойын:«Торғайлар мен мысық»**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Шарты:**Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұста бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.
**Ұсыныс:** мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)





**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта тақырыбы:** Ең жақын адамдар<br>Міндеті:Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. Міндеті :<br>сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>4 саны және цифры.<br>Міндеті :<br>сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік | **Математика негізТақырыбы:**<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Міндеті :<br>Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, . «Қанша?», «Нешінші?» | **Қоршаған орта**<br>Тақырыбы:Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Міндеті:Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың |

жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.

«Менің анам қандай?» ойыны– Ең жақын адамдар деген кімдер? Балалардың жауабы тыңдалады. Педагог «Бақытты балалар» деген сөздің мағынасын ашуды ұсынады. – Бақытты бала өз отбасында, ең жақын адамдарымен бірге тұратын бала, қамқорлық пен махаббатқа толы ортада өскен бала. Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, апасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі. Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. Бір-біріне көмектесу керек. Сонда бәрі бақытты болады. – Балалар, бүгін тобымызда Ер Төстік досымыз «Менің отбасым» атты фотокөрме

біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару

- Сана неше мәшине?
- Неше қуыршақ?
- Шаршыларға сонша нүкте сал.

Цифрлардың үстінен саусағымен жүргіз. Ермексаздан жаса.




«Аңдарды коректендір» дидактикалык ойын
Максаты: 3 саны, және цифры туралы алғашкы білімдерін бекіту; коршаған орта туралы білімдерін кенейту.
Мазмұны.
Тактада аңдардың суреті ілінген, ал тамактын суреті тәрбиеші үстеліне койылған.
- Марат, калай ойлайсың, бананды кай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына неше банан бердің?

немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару

- Заттарды санына қарай тиісті цифрмен және нүктемен сызып қос.
- Артық затты тап оны қоршап сыз.




«Цирктің әртістері» дидактикалык ойын
*Мақсаты:балалардың 4 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту.*
*Мазмұны.*
*1-нұсқа.*
*Ковралан тақтада жануарлар бейнеленген суреттер әр жерге орналасқан. Тәрбиеші бүгін циркте тек мұнда 2-ден ғана бар әртістер өнер көрсететінің айтады. Балалар суретті таңдап, оларды бөлек қойып санайды, көрсетеді, цифрды атайды.*
*2-нұсқа.*
*1-нұсқада көрсетілгендей, бірақ бұл жерде мазмұнды суреттер қосылады. Балалар 2-ден болатын заттарды әртістерге таратады.*

сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.





д/о Сипап сезу арқылы санау.
*Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.*
*Мазмұны.*
*Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды*

қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Педагог балаларды жанына шақырып, заттарды көрсетеді балаларға «Менің...» деген тіркесті қосып атауды өтінеді. Орамал – менің орамалым. Қалам – менің қаламым т.б. Бұлардың ортақ атауы заттар және олардың күнделікті өмірде қажет заттар екенін айтады. Жаңа заттардың күн санап көптеп пайда болатындығы, олар адам қолымен тұрмыстық қажеттіліктерді жеңілдету үшін жасалатындығы да айтылады. – Біз қазір заттардың шығу тарихын білу үшін Қырағымен бірге әлем музейлеріне саяхаттаймыз. – Бір бала түс көріпті. Түсінде айналадағы заттардың барлығы басқаша екен. Үстел жұмсақ, үлпілдек, Күн – үшбұрыш пішінді, велосипедтің дөңгелегі төртбұрыш, қағазбен қаламға жазу жазылады. Балалар баланың түсінде көрген іс-әрекеттерінің дұрыс еместігін дәлелдеуі керек. – Үстел жұмсақ болмайды, өйткені оған қойған заттар батып кетеді. Күн үшбұрыш пішінді емес, дөңгелек пішінді. Велосипедтің дөңгелегі төртбұрыш болса, ол жүре алмайды. Қағазбен қаламға

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырыпты. Әр бала фотосурет бойынша өз отбасы әңгімелеу керек. Педагогтің көмегімен отбасы мүшелері туралы, олардың аты-жөндерін атап, отбасымен бірге қай жерде суретке түскені туралы әңгімелейді. Педагог өлең оқиды: Ең жақын адамдар Ұлдардың үлкені – Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі – Ақ басты атам бар. Бір туған ағам бар. Қыздардың үлкені – Әкемнің шешесі – Ақ шашты әжем бар. Ұлдардың кішісі – Бір туған әпкем бар. Бір туған інім бар. Қыздардың кішісі – Бір туған қарындас, Әпкеге сіңлі бар. Өлеңде айтылған әр отбасы мүшесіне анықтама беріледі, мысалы, аға – ұлдың үлкені, әпке – қыздың үлкені, іні – ұлдың кішісі, сіңлі – қыздың кішісі, қарындас – бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы. Педагог балаларға осы өлеңге «Өз жақыныңды тап» ойынын ойнатады. «Кім қалай жақын?» ойыны. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап жатқаны бейнеленген. Педагогтің көмегімен сурет бойынша отбасы туралы әңгіме құрайды. «Бес саусақ» ойыны Педагог балалармен өлең жолдарын талдайды. | Осы цифрды ата және көрсет. Баска аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі.<br>- Ал аю нені жақсы көреді? Әрине, балды.<br>- Жолактары бар карточканы алыңдар. Солдан оңға карай жоғарғы жолакты, содан кейін төменгі жолакты саусактарыңмен жүргізіңдер.<br>- Енді жоғарғы жолактың сол жағына бір аюды кой.<br>Тәрбиеші бірнеше баладан неше аюдан койғандарын сұрайды.<br>- Төменгі жолакка сол жактан оңға карай балы бар көп бөшкелерді койыңдар (фишкалар).<br>Тәрбиеші бірнеше баладан жекелей сұрайды:<br>- Қонжыктар нешеу? | *Барлығына жеткендігі тексеріледі, цифрды атайды және көрсетеді.*<br>*- Қандай заттар бір-бірден қалды? (1цифрын көрсету, атау).*<br>*3-нұсқа.*<br>*2-нұсқаға ұқсас, бірақ тапсырма күрделенеді. Жұп заттардың суреттері түсіне, көлеміне қарай іріктеліп алынған: ұзын, қысқа секіртпе үлкен, кіші барабан (тәрбиеші өз нұсқаларын ойлап табуына болады.) Тәрбиеші бір нұсқаны таңдайды.* | *салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.*<br><br> | жазу жазылмайды, каламмен кағазға жазу жазылады. – Күнделікті колданатын заттардың барлығы біз үшін маңызды ма? Оларды кім жән калай ойлап тапты? Қасыксы: табаксыз, тараксыз және баск да тұрмыстық заттарсыз өмір сүре аламыз ба? Күнделікті өмірімізден бізге колайлы бір нәрсе жойылып кетсе не болады? Үлестірмелі материалдармен жұмыс. – Балалар, Қырағы заттардың накты не максатка арналып жасалғанын анықтады. Сенде де айналадағы заттарды бақылап, анықтауға тырысыңдар. 1. Қырағымен заттар әлеміне саяхат жаса. Ағаштан жасалатын заттарды суреттерін сызыкпен кос. 2. Ә затка ортак касиеттерді тап. Неден жасалғанына карай топтарға біріктіріп корша. Педагог корытынды жасайды балаларды мадақтайды.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау. Шешесінің туыстары балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді. Педагог балалармен нағашылары туралы әңгімелеседі. | | | |  |

**Үзіліс**

**Ойын: «Айдаһардың құйрығы»**

**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

**Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.

**Ұсыныс**:Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.





**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі ТАҚЫРЫБЫ: Дастаркан басында**<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап<br>Шаттық шеңбері Біз акылды баламыз, Айткан тілді аламыз. Үйге келген конактың Алғыстарын аламыз.<br>Педагог жұмбақ шешуді ұсынады. Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халкымның ак жаны, Жаксы дәстүр маржаны. Кеңпейілдік арайлы, Осы жерден тарайды. (Дастаркан) Аппак сүйық, Қалса ұйып, Шөлің канады, Ішсең күйып. (Айран)<br>Педагог балалардан бүгінгі сабак не туралы болатынын болжауды ұсынады Педагог әңгіме өткізеді. Әдетте менің ата-анам дастаркан басында төрт көзіміз түгел отырғанымызды калайтын еді. Мейлі ол таңғы ас, мейлі ол кешкі ас болсын, отбасы мүшелері дастаркан | **Қазақ тілі Тақырыбы:Отан деп соғады жүрегім**<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде колдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, педагогпен косылып өлен жолдарын кайталап айтады.<br>Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазакстан - туған ел! (Ермек Өтетілеуұлы)<br>Педагог «Отан – анан, камкоршын». «Отан деп соғады жүрегім» сөздерінің мағынасын түсіндіреді. Балалармен бірге талкылайды. Балалар өз болжамдарын айтады. Педагог корытынды жасайды: Отанын сүйе білмеген адам бакытты бола алмайды. Өйткені атак та, даңк та, бакыт та, бак та Отанды сүюден басталады.<br>**тапсырма.** Сен Астана каласында болдың ба? Саған бәрінен де не ұнады? Әсеріңмен бөліс. Суретте кандай орындар бейнеленген?<br>Педагог әрбір каланың өз эмблемасы, символы болатыны жайлы ой козғайды.<br>- Астана каласының символы не? | **Сөйлеуді дамыту ТАҚЫРЫБЫ: Бақытты отбасы**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Педагог:<br>- Балалар, көңіл күйлерің кандай?Өз көңіл күйлерің эмоциямен, ым-ишарамен, кимыл-козғалыспенкөрсетуді сұрайды.<br>Педагог:<br>- Менің де көңіл күйім өте жаксы. Өйткені білімге құмар, талантты,талапты балалармен бүгін тағы бірге боламын.<br>- Балалар, білімді бала болу үшін неістеу керек?<br>- Сендер өздеріңді білімді баламын деп айта аласыңдар ма?<br>Тактадағы суретке назар аударыңдар,суретке карап әңгіме құраңдар.<br>Балалар кайда жүр деп ойлайсыңдар? Мектепте окитын балаларды кім дейміз?<br>Өздеріңнің аға, әпкелерің бар ма? Олар кайда окиды?<br>***1-тапсырма.*** Суреттегі балалардың іс-әрекетінің кайсысын жасай аласың, солсуретті белгіле. Өзің белгілеген суретбойынша әңгімелеп бер.<br>Педагог балалардан оку үшін кандай оку құралдары кажет екенін сұрайды. Балалардың жауабын тыңдағаннан кейін оку құралдары туралы әңгіме айтып береді. Педагог әңгіме желісін токтатып, ықылас білдірген балаларға оку құралдарының | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Мактақыз бен мысық**<br>Міндеті :<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің калай кабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>Ертегі желісісін сахналау.<br><br><br><br><br>– Ертегі ұнады ма? – Қандай кейіпкерлермен таныстық? – Қуыршак театрынан кандай әсер | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті Тақырыбы: Менің арманым**(түпкі оймен сурет салу)<br>Міндеті :<br>Суретті карапайым каламның көмегімен жеңіл ырғакпен үстінен катты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылыктарды беру, геометриялык пішіндегі заттарды салу. Суретте түрлі мамандыктардағы адамдар бейнеленген. Барлығы дұрыс салынған ба? Осы маман иелері немен айналысатыны жайлы досыңме бірге әңгімеле. Олар айналадағы адамдарға кандай пайда әкеледі?<br>Бүгін бізге жұмыс үшін кандай құралдар кажет болады? Нені колданатындарыңды таңдап алыңдар (бояу, карындаштар, балауыз борлар). **Жұмыстың орындал технологиясы**<br>(Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру.)<br>Суретке карап, барлығы сендердің кай мамандыкты таңдағандарыңды табуы үшін ө қағаздарыңда не бейнелейтіндіктеріңді ойластырыңдар.<br>**Әліппе-альбоммен жұмыс.**<br>Педагог жұмыс ретін еске салатын тірек суреттерді тактаға қояды. Карындашты нобаймен жасалатын іс-әрекет кезеңдерін ұсына отырып, балаларды бағыттайды: жалпы бас кескін шашы; бет сипаттары; киім бөліктері.<br>Педагог суретті түрлі-түсті карындаштармен, бояулармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басында толық жиналмайынша, ешкім асты ішуді бастамаймыз. Анамыз дәмді әрі пайдалы асты алып келеді. Әкеміз астан ауыз тигеннен кейін ғана ас ішіледі. Дастарқан басында өзіңді мәдениетті, әдемі ұстау, тамақты сораптап ішпеу, дауыс көтермеу ережелері сақталады. Ата-ананың бұл берген тәрбиесі біздің бүкіл өмірімізге дағды, сіңіп қалған ереже болып саналады. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. «Дастарқан басында» суреті бойынша жоспармен әңгіме құра: – Отбасы мүшелері неге дастарқан басына жиналды? – Отбасында кімдер бар? – Отбасы мүшелеріне ана не ұсынды? – Үстелде қандай тамақтар бар? Ата. – Отбасы мүшелері үстелде қалайорналасқан? – Төрде кімдер отыр? – Отбасы мүшелерінің көңіл күйі қандай? Сипатта. – Үстел басында адамдар не туралы әңгімелеседі? Сергіту сәті. Дастарқанды жаямыз. Ыдыстарды қоямыз. Тағамдарды әкеліп, Дастарқанға қоямыз. Педагог сұрақ қояды: – Сендер қандай тағам түрлерін жақсы көресіңдер? – Сендердің жеген тағамдарыңның қаншалықты пайдасы және зияны бар екенін анықтайық.– Біздің деніміз | - Бәйтерек туралы не білесіңдер? **Төмендегі сұрақтарға жауап бер.** **«Менің Отаным – Қазақстан»** деген тақырыпта әңгіме құрастыр. Педагог балаларды біздің Отанымыз – үлкен ел. Елімізде барлық халық тату-тәтті, келісімде өмір сүреді деген ұғымға келуге жетелейді. Біз өз Отанымызды сүйіп, қорғауға тиіспіз. Өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіру.<br>Отан<br>Отан - сенің ата-анаң,<br>Отан - досың, бауырың.<br>Отан - өлкең, астанаң,<br>Отан - аудан, ауылың.<br>Отан осы, достарым,<br>Көңілде мұны түйе біл.<br>«Отан» деп өс, жас қауым,<br>Оны ардақтап сүйе біл.<br>(Бүркіт Ысқақов)<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды. | атрибуттарын кигізіп, қайсысы өзін қалай таныстыруы мүмкін диалогті сұрақ-жауап арқылы сахналап жалғастыруларын сұрайды.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***Күрекше*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***Ине*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***Төбешік*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***Түтікше*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Тіл ұстарту: (л, р)**<br>Ла, -ла, -ла - ол білімді бала<br>Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала<br>Ла, -ла, -ла - жайнап тұр ғой дала<br>Рет, -рет, -рет - бала салды сурет<br>Тер, -тер, -тер - алып келдім дәптер<br>Дар, -дар, -дар - келді біздің қыздар<br>Тыр, -тыр, -тыр - біздің Қайсар батыр<br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br>Қаламқасқа «тұр», - деші,<br>Қарындашқа «жүр», - деші.<br>«Қара қарындашты<br>Қаламқас алып тұр», - деші,<br>Ал енді өзің-ақ<br>«Р-р-р-р», - деші.<br>Боямақтар ***-тапсырма.*** Қуаныш сөмкесіне қандай заттарды салады? Сызықпен қосып көрсет.<br>***тапсырма.*** Артық затты сыз. | алдың? – Сен қай кейіпкерді ойнағың келеді? Тәрбиеленушілерге ҰОҚ-дегі өзінің жұмысына баға беруді ұсынады. | бояу тәсілдерін еске салады. Суреттің анағұрлым мәнерлі болуы үшін нені бейнелеуге болатындығы туралы жеке әңгімелеседі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сау болу үшін өзі дәмді, өзі пайдалы тағамдарды пайдалануымыз керек. Бізге ең пайдалысы – сүт өнімдері. – Сүт өнімдеріне нелер жатады? – Одан кейін жемістер мен көкөністерді жиі пайдалану керек. – Оларға нелер жатады? – Одан кейін нан өнімдері. Нан өнімдерін айтыңдар. – Бұлардың бәрі табиғи өнімдер, ал консервіленген балық, ет, сусындарда әртүрлі қоспалар бар. Сондықтан ол адам өміріне зиян. Дастарқанның басында Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында Қолды бұрын созбаймыз. Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. Пайдалы тағамдарды көк түспен, зиянды тағамдарды қызыл түспен белгіле. 3-тапсырма. Дастарқан басында өзін дұрыс ұстаған баланы қоршап белгіле. Тыйым сөздер: Ас үстінен аттама! Су ішкен құдыққа түкірме! Нанды баспа! Нанды бір қолмен үзбе! Жаңылтпаштан жаңылмайық: Біздің туған шаһарда Тұрады көп қаһарман. Ән айтамын хорда, Хайуан көрдім тордан. | | «Төртіншісі артық» ойыны*тапсырма.* Мақалдардың мағынасын түсініп ал. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. Ақыл азбайды, білім тозбайды. Күш – білімде, білім – кітапта.  | | |

Үзіліс **Ойын:"Кесіртке"**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Шарты:**Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесіртkенің "басы", соңғы ойыншы- кесіртkенің "құйрығы". Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі





**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Мен осындаймын, біз осындаймыз<br>Міндеті :<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату.** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** шектелген жазықтықтың | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Күзгісеруен»<br>Міндеті :<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазан» (П. Чайковский)<br>Ән айту<br>Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) **Билер:**<br>«Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыркылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева) ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Марш» (Е. Андосов).<br>Марш екпінімен тізені көтере алымдай басуды, бірге | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Мен болашақ спортшымын<br>Міндеті :<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру<br>**Секіру.** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру;<br>**Жүгіру .** белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Қоғамдық орындарда | **Дене шынықтыру Тақырыбы:** Мен болашақ спортшымын<br>Міндеті :<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру<br>**Секіру.** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру;<br>**Жүгіру .** белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>Толтырылған доптармен жүгіру. | **Музыка Тақырыбы:** «Күзгі серуен»<br>**Міндеті:**<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музы мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазан» (П. Чайковский)<br>Ән айту<br>Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) **Билер:**<br>«Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыркылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаев<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Марш» (Е. Андосо<br>Марш екпінімен тізені көтере алымдай басуды, бірге қимылдаудыүйрету.<br>Педагог балалармен күзгі серу туралы әңгіме өткізеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Түзу бағытта алымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тепе-теңдік – басына қапшық қойып, қолын белге қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен бір бүйірмен алымдап жүру.<br>Нұсқау – өкшені арқан табан ортасында болатындай етіп қою. Жүру, доппен түзету жаттығулары: қолға доп ұстап (оң қол астында) жүру, аяқ ұшымен жүру – допты алдыға ұстап бұрыла кеудеден беру.<br>Екі-екіден тізбекке тұру.<br>Доппен жалпы дамыту жаттығулары.<br>**Қос қолмен допты жерге соғу.** Нұсқау – доптың жерге соғылу күшін саралап, секіріп келген допты ұстап алу мүмкіндігін сәйкестендіру.<br>Гимнастикалық орындықта алақан мен тізеге сүйене отырып **еңбектеу**. Бала бұл жаттығуды **жасағанда** орындық үстінде оның аяқ пен қолының үйлесімді жұмыс істеуіне назар аударады.<br>**«Таудан-тауға» қимыл ойыны.**<br>Ойыншылар қасындағы көршісінің басына қолы жететіндей аралықта жалдас құрып шеңбер<br>отырады. | қимылдау дағдыларын үйрету.<br>Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қазан» (П. Чайковский).<br>Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау.<br>Әннің алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. ***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындайды.Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау.<br>Үйренген«Балдырғандар әні» әнін(Г.Жотаева)еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,«Билеп үйренейік»жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету.<br>***Ойындар, хороводтар:*** Ән-ойын "Елек-елек"(Т. Сарыбаева).<br>Ойын шартын түсіндіріп, атрибуттарды пайдаланып ойнау. Қызығушылықтарын арттыру.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Далденбай).Балалардың музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру | гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>Толтырылған доптармен жүгіру. Топтың бірінші ойыншысы доппен жүгіріп, құрсауды айналып кері қайтады да, допты келесі балаға береді.<br>Толассыз тәсілмен қимыл-қозғалыс орындау кезінде қауіпсіздік техникасына, қозғалыс ретіне – мәре сызығына жақын келу, тапсырманы орындау, затты айналып тізбектің соңына қайта оралуға балалардың назарын аударады.<br>**Төзімділікті жаттықтыру**<br>Білек пен тізеге сүйене отырып гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу.<br>Балалар орындықта/бөренеде қимыл-қозғалыс орындағанда аяқ-қол жұмысының үйлесуіне назар аударады.<br>**Нақтылықты жаттықтыру**<br>Жүгіріп келіп баланың жоғары көтерілген қолынан 25 см биіктікке ілінген затқа (таспа) секіріп қол тигізу.<br>**Зейінді жаттықтыру**<br>**«Кім зейінді?» қимыл ойыны.**<br>Балалар спорт түрлері бойынша (қалауына қарай) топ-<br>тарға бөлінеді.<br>Капитандардың қолында доп (төрт капи-<br>тан – төрт түсті доп).<br>Ойыншылар залда жүгіріп жүреді,<br>белгі берілгенде өз қатарына | Топтың бірінші ойыншысы доппен жүгіріп, құрсауды айналып кері қайтады да, допты келесі балаға береді.<br>Толассыз тәсілмен қимыл-қозғалыс орындау кезінде қауіпсіздік техникасына, қозғалыс ретіне – мәре сызығына жақын келу, тапсырманы орындау, затты айналып тізбектің соңына қайта оралуға балалардың назарын аударады.<br>**Төзімділікті жаттықтыру**<br>Білек пен тізеге сүйене отырып гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу.<br>Балалар орындықта/бөренеде қимыл-қозғалыс орындағанда аяқ-қол жұмысының үйлесуіне назар аударады.<br>**Нақтылықты жаттықтыру**<br>Жүгіріп келіп баланың жоғары көтерілген қолынан 25 см биіктікке ілінген затқа (таспа) секіріп қол тигізу. **Зейінді жаттықтыру**<br>**«Кім зейінді?» қимыл ойыны.**<br>Балалар спорт түрлері бойынша (қалауына қарай) топтарға бөлінеді. Капитандардың қолында доп (төрт капитан – төрт түсті доп). Ойыншылар залда жүгіріп жүреді, белгі берілгенде өз қатарына барып тізбекке тұрады.<br>Көздерін жұмғанда, капитандар орын алмастырады.<br>Белгі бойынша ойыншылар өз капитанын жылдам тауып, оның артына тізбекке тұруы тиіс. | ***Музыка тыңдау:*** «Қазан» (П. Чайковский).<br>Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау.<br>Әннің алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындайды.Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау.<br>Үйренген«Балдырғандар әні» әнін(Г.Жотаева)еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,«Билеп үйренейік»жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету.<br>***Ойындар, хороводтар:*** Ән-ойын "Елек-елек"(Т. Сарыбаева).<br>Ойын шартын түсіндіріп, атрибуттарды пайдаланып ойнау. Қызығушылықтарын арттыру.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Далденбай).Балалардың музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Жетекші:<br>«Таудан-тауға, таудан-тауға», – деп басынан тақиясын шешеді де, оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ол да тақияны өз көршісінің басына кигізеді. Жүргізуші кенеттен басын қолымен ұстап: «Тауға-тауға!» деп айтқанға дейін тақия бастан-басқа көшеді. Дәл осы кезде тақия кімнің басында болады, сол ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.</td>
<td></td>
<td>барып тізбекке тұрады.<br>Көздерін жұмғанда, капитандар орын алмастырады.<br>Белгі бойынша ойыншылар өз капитанын жылдам тауып, оның артына тізбекке тұруы тиіс..</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Серуенге дайындық</td>
<td colspan="5">Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау<br>Серуенге шыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, аулadағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау<br>Серуенге шыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.Қауіпсіздік ережені сақтау<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br> <br>Бақылау: Ағаштарды бақылау<br>Көркемсөз.<br>Тербеледіағаштар,<br>Алдымнанжелеседі,<br>Кіп-кішкентайағаштар,<br>Үп-үлкенбопөседі.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td colspan="5">Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібінің үлгісі Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну<br>**Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе заңды өкілдермен** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес әңгіме өткізу** | туралы балалардың ойын білу<br>**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ.<br>1.Бірім, екім,<br>Алма текім.<br>Сапар айым,<br>Сар шымшық.<br>Балтаңды ал да,<br>Жүгіріп шық.<br>2.Біз санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балан үйрек жалғасы. | Суретті жұмбақтар ойыны :<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. | Саусақ ойыны :<br>«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»<br>Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу. | Үстел үсті театр ойыны :<br>«Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер карастыру.<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Аптаның бірінші күніне мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерін Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы<br>Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру<br>№6 жаттығу кешені | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастархан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор боп»<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық,<br>Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...»<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | |
| | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Шаштараз**<br>. Ә. Дүйсенбиев. | **Сауат ашу негіздері Тақырыбы:**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеті:** | **Сауат ашу негіздері Тақырыбы:**<br>Дыбыстар әлемі **Міндеті:**<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны | **Сауат ашу негіздері Тақырыбы:**<br>Дыбыстар әлемі **Міндеті:** Әрбір | **Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:**<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Сөздік қор:**<br>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>– Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? – Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? – Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? – Өздерің таза жүресіңдер ме? Педагог балаларға түбірлес сөздер туралы мағлұмат береді. – Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша, ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз. – Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер. – Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан | Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>***«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны***<br>Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті,<br>ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.<br>***«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы***<br>– Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар.<br>Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, ко-го, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ше-уе, хо-йо.<br>***«Белгі бер» дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог балаларға ұяң (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа ұяң в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады<br>1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дабысын ата. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл, дауысты дыбыстан басталса көк түспен боя. | туралы түсінік қалыптастыру.<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>«Не қалай дыбыстайды?» ойыны<br>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ...<br>2. Қарға қалай дыбыстайды? – ...<br>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – ...<br>4. Аққу қалай дыбыстайды? –<br>5. Торғай қалай дыбыстайды? – ... Аққу – құстың төресі,<br>Ақ мамықтай денесі.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр?<br>– Дұрыс, [а] дыбысы.<br>– [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта?<br>– Жуан дауысты дыбыс).<br>– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Қызыл түспен.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Әтеш әнге басады,<br>Әтеш ұйқы ашады.<br>– [Ә] дыбысының қандай дыбысқа жататынын анықта?<br>– Жіңішке дауысты дыбыс.<br>– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Қызыл түспен.<br>Га-га-га қыста тоңбайды,<br>Га-га-га талға қонбайды.<br>– [Г] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.<br>– Ұяң дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Көк түспен.<br>Қарға-қарға қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>– Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?<br>– [К] дыбысының қай дыбысқа | сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. 57<br>«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>Ителгі алмас күшті аңды, 58<br>Ителгі аулар тышқанды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? – [И] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. – Жіңішке дауысты дыбыс. – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен. Сауысқан-ау, сауысқан, Сақтанасың дауыстан. – Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр? – [С] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. – Қатаң дауыссыз дыбыс. Тырау, тырау, тырналар, Тамаша әнін тыңдап ал. –Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? –[Т] дауысты ма, | **24.10. кіріктірілді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауаптарына түбірлес сөздер құрастырып беріңдер. Жұмбақтар шешу:<br>1.Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын)<br>2.Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да. Бұл не? (Сүлгі) – Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар. Шаштараз Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз. Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз. Ал ұқыпты баланы Өте жақсы көреді. Шашын сәндеп алады, Жұпар сеуіп береді. Рефлексия – Өлеңде кім туралы айтылады? – Шаштараз қандай баланы ұнатады, қандай баланы ұнатпайды? – Сендер өздеріңді қандай баланың қатарына жатқызасыңдар? | 2. Суреттерді ата. Үнді дауыссыз дыбыстардан басталған суретті көк коржынға, үяң дауыссыз дыбыстардан басталған жасыл коржынға сал. Сызықпен қос.<br>3. Суреттерге қара. Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттың суретін қорша.<br><br> | жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.<br>– Қатаң дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Көк түспен.<br>Кекілік-ау, кекілік,<br>Кетіп қалма секіріп.<br>– Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?<br>– [К] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.<br>– Қатаң дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Көк түспен.<br>Лашын көкте самғайды,<br>Лашын көкті шарлайды.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.(үнді дауыссыз дыбыс)<br>Суреттердегі заттарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін , дауыссыз дыбастан басталатын заттың суретін сал.<br>2. Құстардың атын дыбыстық сызбаға қарай сәйкестендір. Сызықпен қос.<br><br> | дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. –Қатаң дауыссыз дыбыс. Шаңқ, шаңқ етіп шағала, Шабақ ілер жағада. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Ш] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (Қатаң дауыссыз дыбыс). Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады. 1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. 3. Құстардың жұмыртқасын сындырма. 4. Құсқа тас лақтырма. Дәптермен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін , дауыссыз дыбастан басталатын заттың суретін сал. 2. Құстардың атын дыбыстық сызбаға қарай сәйкестендір. Сызықпен қос. Педагог балалармен біртапсырмаларды талқылайды. Дыбыстарды анықтайды, сандықтармен қосады. Екінші тапсырмада сөздердегі дыбыс санын анықтап, тиісті сызбамен сәйкестендіреді. Мысалы, қарға сөзінде 5 дыбыс бар, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | | | қарғаның суретін 5 дыбысты сызбамен қосады. | |

Үзіліс **Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Домалақтармен ойын »**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына домалақтар таратылады. Домалақтарды алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:Қауіпсіздік мектебі.**<br>**Міндеті:**<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). – Өмірде қауіпті заттар ғана емес, қауіпті адамдар да кездеседі. Қандай адамдарды қауіпті деп | **Математика негіздері Тақырыбы:** 10 саны<br>**Міндеті:**<br>10 саны сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. **Ойын жағдаяты.**<br>–Спорт алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**Міндеті:**<br>10 саны сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**Міндеті:** 10 саны сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br>«Заттарды санау» – заттар саны әртүрлі бірнеше себет дайындалады (мысалы, 5 | **Қоршаған орта**<br><br>**21.10.**<br>**кіріктірілді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санауға болады?<br>*Балалар бейтаныс адамдардан келетін қауіп туралы талқылайды.*<br>**Қорытынды:** Өмірде мейірімді және жақсы адамдар өте көп, бірақ өкінішке орай, жаман адамдар да бар. Адамның сыртқы бейнесіне қарап, жаман ойлы екенін ажырата алмаймыз, өйткені жаман адам өте әдемі, мейірімді болып көрінуі мүмкін. Сондықтан барлық бейтаныс адамдардан алыс жүру керек.<br>*Балалар Әліппе-дәптердегі суретті қарастырады.*<br>**Қорытынды:** Бейтаныс адамдар түрлі сый көрсетуі мүмкін (шоколад немесе балмұздақ), үйіндегі кішкентай күшікті көруге, көлігімен қыдыртуға шақыруы және басқа нәрселермен қызықтыруы мүмкін. Бөтен адамға ешқашан сенбе!<br>Кесімді түрде «жоқ» деп айтуға үйрен, ал ең дұрысы бейтаныс аламмен сөйлеспе, адамдар көп жерге кетіп қал. Егер бейтаныс адам күшпен ұстап қалуға тырысса, айғайла, көмекке шақыр! Жұрттың назарын аудар.<br>Ешқашан бейтаныс адамды, тіпті бала болса да үйіне шақырма. Бұл үйге ұры түсуіне бастауы мүмкін. Ата-анаңа қай жерде ойнайтыныңды хабарлап отыр, сонда сені керек кезде тез тауып алады.<br>– Бейтаныс адаммен лифтіге мінбе. Әлденеден күдіктенсең, жақындарыңа хабарлас (тіпті болмаса көршілерге), сені күтіп алуын өтін.<br>– Ақшан немесе қымбат | Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады тағы бір спортшы келді.<br>– Оған қандай нөмір береміз?<br>Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді.<br>Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифра қажет: 1 және 0.<br>- Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады.<br>Педагог цифрды көрсетеді.<br>– Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен?<br>Үйлеспесе айналмас,<br>0-сіз 1-ің 10 болмас.<br>Педагог бірліктің жанына нөлді қойып, сұрақ қояды:<br>– Мына санды жазу үшін неше цифрды пайдаландық?<br>*(2 цифрды).*<br>Педагог 10 цифрды көрсетеді. Шеңберде 10 бала тұр, орындықта ешкім жоқ.<br>Педагог балалардың жейделеріндегі сандарды атауды сұрайды.<br>Осыған ұқсас жұмысты топта ұйымдастыруға болады, ол үшін карточкада көрсетілген сандар реті бойынша балаларды катарға тұрғызады**Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет».** – Адамның қолында неше саусақ бар? *(10 саусақ).*<br>Цифрлардың үстінен саусағымен жүргізеді. Ермексаздан жасайды.<br>**Топтағы практикалық жұмыс.** 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады.<br>10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады. | «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Ойыншыларды реті бойынша сызып қосады. Кейін педагог доптарға көңіл бөлуді сұрайды. Қай доп артық, неге? Мақсатына қарай теннис добы «артық» болуы мүмкін. Түсі бойынша – ақ футбол добы.<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды.<br>Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**4-тапсырманы** орындайды.<br>Вагондарды тура және кері санайды, нөмірлерін жапсырады.<br>Балалар дауыстап санайды, нөмірлерін жапсырады.<br> | алмасы бар себет, 8 добы бар себет т.б.). Балалардан әр себеттегі заттардың санын салыстыруды және себеттерді заттар санының өсу ретімен орналастыру сұралады. Содан соң барлық себеттердегі заттардың санын санайды. Педагог балаларды «Мен велосипед тепкенді ұнатамын»<br>деген сұхбатқа тартады.<br>- Сендерде велосипед бар ма?<br>- Оны қай жерде тебесіңдер?<br>- Кіммен бірге?<br>**«Осыншама санды көрсет»**<br>Ойын үшін қималы материал - цифрлар, заттардың әртүрлі сандары бейнеленген карточкалар қолданылады.<br>Педагог балаларға цифрлар бейнеленген карточкаларды көрсетеді, ал балалар өздеріндегі осындай заттардың саны бейнеленген карточкаларды тауып, санды атап, өз таңдауын түсіндіреді.<br>педагог 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды шығарып, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұялы телефоның, бағалы ойыншығыңды кім көрінгенге көрсетіп мақтанба. Басқалардың қызғанышын оятпауға тырысқан жөн. Ол тонаушылыққа ұрындыруы мүмкін. Өміріңе қауіп төніп тұрса, полицияның 102 нөміріне хабарлас. |   |   | тура және кері тәртіппен хормен сандық санау жүргізеді. Педагог балаларды кейінгі және алдыңғы санды анықтауға жаттықтырады. «Көрші сандар» ойыны әртүрлі ұйымдастырылуы мүмкін:<br>1-нұсқа: Бала көршілерін атайды, ал балалар санның өзін көрсетеді.<br>2-нұсқа: Бала санды атайды, ал балалар көршілерін көрсетеді. | |

Үзіліс ***Ойын: «Көжектер»***

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала "түлкі" болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Казақ тілі Тақырыбы:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.<br>**Міндеті:** Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>сюжетті суреттерді есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.<br>Отанымыздың ұлттық мақтанышы – мемлекеттік рәміздерге арналады.<br>Онда<br>мемлекетіміздің рәміздері туралы білімдерімізді толықтырып, құрметтеуге үйренеміз. Кез келген мемлекеттің айшығы – мемлекеттік рәміздері екені белгілі.<br>Біздє бүгінгі күнімізді<br>еліміздің Гимнімен бастайық (Гимн орындалады).<br>Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі – мемлекеттік рәміздерімізді қадір<br>тұту болып табылады. Жас ұрпақты елжандылық негізде тәрбиелеуде де мемлекеттік<br>нышандардың алар орны ерекше.<br>Гимн – мемлекеттің салтанатты әні.<br>Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы –<br>Гимн. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгіөмірі мен келешек арманы айтылған. Гимнді түрегеліп тұрып, жүректің тұсына оң қолын<br>қойып айтады. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі<br>тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.<br>Гимннің сөзін Қазақстан Республикасының әр азаматы жатқа білуі тиіс.<br>Мемлекеттік Әнұранның авторы | **Қазақ тілі Тақырыбы:** Менің Отаным – Қазақстан.<br>**Міндеті:** Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>3. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.<br>Тақтаға ребус ілінеді. Әр суреттің бірінші әріптерін атау арқылы сөзді құрастырады.<br>*О әрпі, терезе суреті, алма суреті, нан суреті.* Балалардың біреуі шығып, ребусты шешеді.<br>Сөзжұмбақтың шешуі: «Отан» сөзі. *Атамекен* сөзіне сөздік жұмысын жүргізеді. Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен. Балалар да өз ойларын жеткізеді:<br>– Атамекен деп туған жерімізді айтамыз. Ол – менің атам, менің арғы бабаларым мекен еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын. Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ ұлты. Біздің еліміз – көпұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды.<br>– «Отан – отбасынан басталады» дегенді қалай түсінуге болады?<br>Мақалдың мағынасын өз түсінгендерін бойынша айтып | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Отбасым – бақыт мекенім **Міндеті:**<br>**Сөздік қор:**<br>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>Дидактикалық ойын: «Ол қандай?» Шарты: педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады. – Сенің әкең қандай? (Мықты, еңбекқор, батыл, мейірімді, кішіпейіл) – Сенің анаң қандай? (Мейірімді, ақылды, көңілді, әдемі) – Сенің атаң қандай? (Ақкөңіл, дана, білімді) – Сенің әжең қандай? (Сабырлы, қамқор т.б.) –<br>Балалар, әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз, тіпті аға-әпкелеріміз бізді күнім, айым, жұлдызым, құлыным деген сияқты ғажап нәрселерге теңеп еркелетеді. – Үйде кімді қалай еркелетеді? Балалар өздерін қалай еркелететіні туралы айтады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте кімдер бейнеленген? Олар не істейді? Әңгіме құра. – Анасы не істеп тұр? Әкесі қандай жұмыспен айналысып жатыр? – Атасы мен әжесі не істеп отыр? Бөлмеде тағы кім бар? – Бұлар қандай отбасы деп ойлайсың? – | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі<br>**Міндеті:**Шығарма мазмұнын сюжеттің біріздiлігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру. Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма?<br>- Ертегіде не туралы айтылған?<br>- Қай кейіпкер саған ұнады?<br>- Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді?<br>- Мысық қайда кетеді?<br>- Әтешті түлкі қалай алдады?<br>- Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па?<br>- Ертегіні қайталап есімізге түсірейік.<br>Ертегі сюжеті бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Ертегіні 3-4 балаға қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Суретте қай ертегі бейнеленген?<br>- Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>- Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі? | **Шығармашылық әрекеті**<br>**29.11.**<br>**құрастыруға кіріктірілді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жұмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.<br>Бұл Гимннің сөзі республикамыздың барлық халықтарының жүрегіне жақын, жұрттың бәрінің көңілінен шыққан, терең отаншылдық сезімдегі ән.<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі.<br>Балалар Елтаңба суретінен не көріп тұрғандарын айтады.<br>– Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір суретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын пашетеді. Бесбұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Еліміздің гимні – «Менің Қазақстаным » әні. Рәміздер – әр елдің дербестігін, тәуелсіздігін айқындайтын белгілер.<br>– Рәміздерді қандай жерлерге іледі? Балалар қай жерлерде Қазақстан Туының ілініп тұрғанын көргендерін айтады.<br>– Рәміздерді барлық жерге ілуге болмайды. Мемлекеттік маңызы бар жерлерде ғана ілінеді.<br>– Қазақстан Елтаңбасының | көріңдер.<br><br>Мақалдың мағынасын талдау: «Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз. Қай жерде туып-өстік, біз ойнаған көше, біз тұратын қала (ауыл), жақын туыстарымыз, ата-анамыз – барлығы біздің Отанымыз. Отан – бізді қоршаған орта. Барлық адамда бір ғана Отан болады. Әр адам өз Отанын қорғап, қастерлеуі тиіс, табиғатын аялап, жанындай сүюі қажет. Сендер әлі кішкентайсыңдар, бірақ қазірден бастап өз Отаныңа көмектеріңді көрсете аласыңдар.<br>– Қалай ойлайсыңдар, өз Отандарыңа қалай көмектесер едіңдер?<br>– Қоқыстар тастамау, ағаштарды, бұталарды сындырмау, туғандарымызды жақсы көріп сыйлау, балабақшадағы балалармен тату, дос болу, араздаспау, Отанымыздың одан әрі көркеюіне көмектесу.<br>– Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?<br>– Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы.<br>– Сендер Астана қаласына бардыңдар ма? Қандай көрікті жерлері бар? Балалардың әңгімесін тыңдау. | Сенің ата-анаңның аты-жөні кім? – Олар қайда және кім болып жұмыс істейді? – Сен үйде анаңа, әкеңе қалай көмектесесің? – Үлкен аға, әпкелеріңнің тілін аласың ба? – Іні-қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесің? – Сен отбасыңдағы адамдарды қалай қуантасың? – Сенің әжең, атаң ертегі, әңгіме, аңыз айтып бере ме? 2. Суретке қарап, отбасыңмен бос уақытыңды қалай өткізетініңді айт. Немен айналысқан ұнайды? – Жаңылтпашты жаңылмай айтайық. Уықтардың барлығын Уыққапқа сал, күнім. Уыққапқа салған соң Уыздан жеп ал, күнім. – Мақал жаттайық. Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет. Педагог мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын балалармен талқылайды. Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br> | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | авторлары кімдер?<br>– Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов.<br>– Қазақстан Гимнінің авторлары кім?<br>– | | | | |

Үзіліс **Ойын: *«Мысықтар мен балалар»***

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен аланның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар аланның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады





**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру Тақырыбы: Бірінші бол!**<br>**Міндеті:**<br>**Жүру:** ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>**Жүгіру:** жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**. гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;<br>**Спорттық ойындар.**<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br><br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Зеректікті дамыту**<br>**«Тоқта!»**<br>Ойынға қатысушылар жүргізушіден 10 қадам қашықтықта тұрады. Ойын | **Музыка Тақырыбы: :** «Біздің рәміздер»<br>**Міндеті:**<br>Музыка тыңдау.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Ән айту.<br>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету:<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т.Ломова).<br>Музыкаойналғанда | **Дене шынықтыру Тақырыбы: Бірінші бол!**<br>**Міндеті:**<br>**Жүру:** ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>**Жүгіру:** жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**.<br>гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;<br>**Спорттық ойындар.**<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br><br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Зеректікті дамыту**<br>**«Тоқта!»** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Өз мінез-құлқымызды басқарып үйренеміз<br>**Міндеті:**<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату.** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа | **Музыка**<br><br>**22.10. кіріктірілді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізуші теріс қарап тұрып: «Жылдам атта, аңқайма! Тоқта!», – деп дауыстап айғайлайды. Осы кезде балалар ойын жүргізушіге қарай жүреді. «Тоқта!» дегенде балалар келген жерінде тоқтап қалады да, жүргізуші тез бұрылып қарайды. «Тоқта!» деп айтқан кезде тоқтап үлгермеген бала бастапқы сызыққа қайта барып тұрады да, қозғалысты қайта басынан бастайды.<br>Соңында жүргізушіге ең жақын келген бала жеңеді де, жүргізушінің орнына тұрады (қимыл-қозғалыстың түрлі тәсілдері қолданылады).<br>**«Бірінші бол!» ойын жаттығуы**<br>Жетекшіні ауыстыра отырып баяу жүгіру – қолды алға-жоғары кеуде тұсына дейін ішке қарай, содан кейін шынтақпен артқа қимыл жасалады (2,5 мин).<br>Баланың аты аталады да, ол сапты бастайды. | екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады.<br>***Музыка тыңдау***:«Қазақстан жалауы» (Д.Омаров).<br>Балалармен еліміздің рәміздері туралы әңгіме өткізу. Елтаңба, Ту суреттерін көрсету.<br>Әнніңмәтініне, сипатына назарларын аудару.<br>Әнайтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Тәуелсіздік таңы» (А.Шырынбекова).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әндібір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әндіайту кезінде жігерлі орындауға, бір-бірін тыңдап үндесе айтуға көңіл бөлу. Сөздеріне мән беріп, әуенін таза айту.Үйренгенән «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, әнырғағымен орындауға баулу.Жеке және хормен айту.***Билер:*** «Қарабала» биі («Билеп үйренейік»жинағынан).<br>Ұлдардыңқатысуымен би қимылдарын жасау, би элементтерін біркелкі, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:***«Илигай» қ.х.ә.(өңд. Б.Дәлденбай).<br>Балалар қосылып, бір-бірін тыңдап, үндесе ойнауға талпынады.<br>*Асатаяқ, тоқылдақ,* | Ойынға қатысушылар жүргізушіден 10 қадам қашықтықта тұрады. Ойын жүргізуші теріс қарап тұрып: «Жылдам атта, аңқайма! Тоқта!», – деп дауыстап айғайлайды. Осы кезде балалар ойын жүргізушіге қарай жүреді. «Тоқта!» дегенде балалар келген жерінде тоқтап қалады да, жүргізуші тез бұрылып қарайды. «Тоқта!» деп айтқан кезде тоқтап үлгермеген бала бастапқы сызыққа қайта барып тұрады да, қозғалысты қайта басынан бастайды.<br>Соңында жүргізушіге ең жақын келген бала жеңеді де, жүргізушінің орнына тұрады (қимыл-қозғалыстың түрлі тәсілдері қолданылады).<br>**«Бірінші бол!» ойын жаттығуы**<br>Жетекшіні ауыстыра отырып баяу жүгіру – қолды алға-жоғары кеуде тұсына дейін ішке қарай, содан кейін шынтақпен артқа қимыл жасалады (2,5 мин).<br>Баланың аты аталады да, ол сапты бастайды. | қайта тұру:<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**«Мөңке балық және шортан» қимыл ойыны.**<br>Балалардың бірі шортан болады, қалғандары екі топқа бөлінеді. Олардың бірі шеңбер жасайды. Ол – «тастар», екінші топ – «мөңке балықтар», шеңбер ортасында жүзіп жүреді. «Шортан» шеңбер сыртында болады. Педагог «Шортан!» деп белгі бергенде, «шортан» жылдам шеңберге жүгіріп кіріп, «мөңке балықтарды» ұстап алуға тырысады. «Мөңке балықтар» тастың артына жасырынбақ болып, ойыншылардың бірінің артына тез барып отыруға тырысады.<br>«Шортан» шап берген «мөңке балықтар» шеңберден шығып қалады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *туяқта*сурмалы ұлттық аспаптарын қолдану. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау<br>Серуенге шыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау<br>Серуенге шыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.**Қауіпсіздік ережені сақтау**<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру<br>  | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Аспанды бақылау<br>**Жұмбақ.**<br>Біртүктікілем,<br>Біртүксізкілем. (Аспан)<br>**Бақылау:**<br>табиғаттағыкүзгіөзгерістердібақылау жұмысынжалғастыру. Бұлттарсұртүсті болатынынаназараударту. Тіріжәне өлі табиғатарасындағыөзгерістердібайқату: күннінсуытуы, құстардыңұшыпкетуі. Табиғаттуралытүсініктерінәрікарай дамыту.<br>**Қимылдыойын: «Ұшақтар».**<br>Дабылбойыншақимылжасау, алаңішінде іс-қимылдардыбекіту. Көтеріңкікөңіл-күйдеболу.<br>**Еңбек:**<br>құрғақжапырақтардыжинау, гүлзардағы гүлдердінтұқымынжинастыру.<br>Үлкенадамдардыңтапсырмаларын орындауғаүйрету. Оларғакөмектесу. | **Бақылау:**Желдің соғуын бақылау.<br>**Жұмбақ**<br>Қанатыжоқ–ұшады,<br>Аяғыжоқ–қашады.<br>(Жел)<br>**Бақылау:** балалардыңбақылау дағдыларынқалыптастыру; желдің соғуынанықтау;<br>ағаштардыңқозғалуы,<br>бұлттардыңаспандатез көшуі, қатты желденағаштардыңжапырақтарының түсуі, желбағытынанықтау.<br>Жаздыңкүні<br>желқандайболады; тымнашар, ағаш басыныңқозғалуы; күзбенсалыстыру.<br>**Тәжірибе**. Желгеқарсыжүгіру.<br>**Қорытынды**.Желгеқарсыжүгіруқиын.<br>**Қимылдыойын:**<br>**«Желбезекпенжүгіру».**<br>Желбезектіқолғаалыпжарысу, кім біріншімәрегежетеді, солжеңімпаз | **Бақылау:** құстарды бақылау.<br>Мақсаты: құстардытанып білу, денебөліктерінатау;<br>құстарғадегенқамқорлықсезімдерін ояту.<br>Ересекадамдарменорындалатын карапайыменбектапсырмалары (мәселен, гүлсуару).<br>**Мақсаты:**қарапайымтапсырмаларды орындауғаүйрету.<br>**Қимыл-қозғалысойындары: «Допты қуыпжет», «Күнмен жаңбыр»**<br>(мөлшері2-3рет).<br>**Мақсаты:**бір-біріменқақтығыспқалмай жүгіругежаттықтыру.<br>**Өзіндікеркінойынәрекеттері, далаға алыпшығатынматериалдармен ойындар.**<br>**Мақсаты:**қызығушылықтарыбойынша ойынтаңдаумүмкіндігінқамтамасызету | **Бақылау:** Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін жаңбырдың маңызы, пайдасы, қажеттілігі.<br>**Жұмбақ.**<br>Көтеріліптеңізден,<br>Аспанғабиікбарамын.<br>Биіктенқайтатүскенде,<br>Өңкірердаланың. (Жаңбыр)<br>**Бақылау:**жаңбыркезінде, ауарайындағыөзгерістердібілугеүйрету: сұраспан, бұлтты,<br>бұлыңғыржаңбыржауыптұр.<br>Өзгерістердікөрсету; күзгіжаңбырұзақжәне сирек,<br>жаңбырданкейінсуықжердегісуларкөпкедейінқұрғамайды, өйткенікүннінкөзіжоқ, жәндіктертығылыпқалған,<br>құстардыңтамақтарыазайғансоңоларжылыжаққа ұшыпкетеді. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бастағаністіаяқтауғаталпындыру.<br>Өзбетіменойындаройнау: «Ұшақтар».<br>Ұсынылғантақырыпбойыншаойынғаөз еркіменқатысуғатәрбиелеу. Балалардың іс-әрекеттіұйымдастыруынакөмекберу. | болады.<br>Еңбек:тәрбиешігекөмек.<br>Үлкендергеқызметкөрсету. Ауланы тазартуғақатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>Өзбетіменойындаройнау:<br>**«Желбезекпенойын».**<br>Ыңғайлыжағдайлардыжасау, алаң ішіндеіс-қимылдардыдамыту.<br>Көтеріңкі<br>көңіл-күйдеболу. | және өзқұралптастарыменқарым-қатынасқатүсебілуіңқалыптастыру. | **Қимылдыойын: «Кеңқадам».**<br>Сызықтыбаспай,<br>балалардыбелгілегенжергесекірту.<br>Жалпыереженісақтауғатәрбиелеу(сызықты асыпқалсаң–<br>ойыннаншығасың).<br>**Еңбек:**гүлзардағыжердікопсыту.<br>Үлкендергекысқадайындықкезеңінде көмекберугетәрбиелеу.<br>Әдептілікке,<br>өзініңеңбекқұралдарынжинауғаүйрету.<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар»**<br>Балалардынөзжолдастарыменбіршешімгек луіжәне біріс-әрекеттіұжымменжасауы. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс***: Нұрәділге, Айсұлуға дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырап айтуға үйрету | ***Жеке баламен жұмыс***: Нұрымға, Нұралиге 1- ден 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санауға үйрету. | ***Жеке баламен жұмыс***:балалармен сурет бойынша әңгіме құрау. | ***Жеке баламен жұмыс***:тақпақтарын сұр жаттатқызу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Үстел үсті ойыны – пазл:<br>«Әсем жапырақтар бағы »<br>Балалармен әсем жапырақтар туралы әңгімелесу. | Құрылыс ойындары:<br>«Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру:<br>«Гүлдер,гүлдер көп гүлдер»<br>Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | Үстел үсті театры:<br>«Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту.<br>Ата-аналар баланың үйдегі техника құралдарының қызметі туралы не білетінін сұрауды ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну. | | | |

## Мысық, әтеш және түлкі

(ертегі)

Ормандағы бір үйшікті мысық пен әтеш мекен етіпті. Мысық таңертең ерте тұрып, ылғи аңға шығады, ал әтеш үйді күзетіп қалады. Мысық аңға кеткенде, әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып алып, өзінің үйреншікті даусымен ку-ка-ре-куге басады, мысықтың келуін күтеді. Бірде жақын маңда жортып жүрген түлкі әтештің даусын естиді. Сол-ақ екен, оның әтеш етін жегісі келіп кетеді. Ол терезенің түбіне келіп отыра қалады да, сызылта үн қатып былай дейді: Әтешім-ай, әтешім, Алтын айдар, уа, әтеш. Терезеден қарай ғой, Бұршақ берем, ала ғой. Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап алады да, арқалап ала жөнеледі.

- Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың! – деп айғай салады үрейі ұшқан әтеш.Мысық жақын жерде жүр еді, әтештің даусын естиді де, түлкінің соңынан қуып кеп береді. Әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.

Келесі күні аңға шығуға дайындалып жатып, мысық әтешке былай дейді:

- Байқа, терезеден қарама, түлкіні тыңдама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды. Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға ұшып шығады. Сырғауылдың үстінде қонақтап отырып шақырады. Бұл кезде түлкі де жылмаңдап келе қалған еді. Ол бұл жолы да терезенің түбіне отыра қалып, былай дейді: Әтешім-ай, әтешім, Алтын айдар, уа, әтеш. Терезеден қарай ғой,

- Бұршақ берем, ала ғой. Әтеш оның сөзін тыңдағанмен, сыртқа қарамайды. Түлкі бір уыс бұршақты терезеден шашып жібереді. Әтеш бұршақты шоқып жейді, бірақ терезеден қарамайды. Сонда түлкі былай дейді:

- Сен өзің мүлде тәкаппар болып кетіпсің ғой. Қарасаңшы, бұршағым көп-ақ, мұның бәрін қайда қоямын?

Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, арқалап ала жөнеледі. Әтеш үрейі ұшып айғай салады:

- Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың!

Мысық алыста жүрсе де әтештің даусын естиді. Түлкінің соңынан бар пәрменімен қуа жөнеледі, әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.

Үшінші күні мысық аңға шығуға дайындалып жатып, ақылын айтады:

- Байқа, әтеш, мен бүгін алысқа барып аң аулаймын, қалай айғайласаң да бәрібір маған даусың естілмейтін болады. Түлкіні тыңдама, терезеден қарама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.

Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйді жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып қонақтайды да, шақыра бастайды, мысықтың келуін күтеді. Түлкі тағы да келе қалады. Ал әтеш қарамай қояды. Сонда түлкі былай дейді:

- Уа, әтешім, саған айтайын деген сөзім бар еді. Асығып келу себебім де сол. Жолмен жортып келе жатып көргенім: адамдар тары тасыды, бір қап тесік екен, ішіндегі барлық тарысы жолға шашылып қалыпты, теріп алатын ешкім жоқ. Терезеден қарасаң, көресің...

Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, үйіне алып кетеді. Мысық аңнан келсе, әтеш жоқ. Іздеп, түлкінің үйіне келеді. Есік сыртында тұрып, мысық әндетеді:

Дыңғырлаттым гуслиді, Ішегі алтын мінекей.
Үйде ме екен бұл түлкі, Шықшы сыртқа, әй, түлкі!

Құймақ құйып жатқан түлкі қызын жұмсайды. Мысық оны қапқа салып алады. Екінші қызы шығады. Оны да оны қапқа салып алады. Мысық тағы әндетеді. Түлкі әтешті жұмсайды. Мысық әтешті ертіп, үйіне қайтады.